

## **«ҮЗДІК ОҚУШЫ» балалар журналының АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕРІ**

---

### **1. Жұмыс көлемі:**

- Материалдың толық көлемі 5 000 таңбадан аспауы керек (бос орындармен бірге). Бұл көлемге екі тілдегі аннотациялар мен түйінді сөздер, әдебиеттер тізімі, сурет астындағы жазулар және автор туралы ақпарат кіреді.
- Егер материал белгіленген көлемнен асатын болса, редакциямен алдын ала келісу қажет.

### **2. Мәтін форматы:**

- Қаріп: *Times New Roman*, өлшемі – 12.
- Жоларалық интервал – 1.
- Абзац шегінісі – 1,25 см.
- Файл форматы: *.doc* немесе *.docx*.
- Қағаз шеттері: 2\*2\*2 см.
- Мәтін енінен туралануы тиіс. Артық бос орындар мен қажетсіз жол үзілімдерін алып тастау ұсынылады (Word бағдарламасындағы «Табу және ауыстыру» қызметі арқылы).

### **3. Жұмыстың негізгі элементтері:**

- **Автор туралы:** Тегі, аты-жөні, оқу орны (мектеп атауы), сыныбы, қаласы
- **Жұмыс атауы:** Нақты әрі мазмұнға сай болуы қажет. Атауы қалың шрифтпен теріліп, ортасына туралануы тиіс.
- **Аннотация:** 50 –150 сөз. Онда зерттеліп отырған тақырып, мақсаты, әдісі, негізгі нәтижелері мен қорытындылары көрсетілуі керек.
- **Түйінді сөздер:** 3–7 сөз тіркесі. Негізгі мағыналық бағытты ашуы тиіс. Маңыздылығы бойынша орналасады.